

**Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.4-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Мүдделі министрліктер, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен **б і р л е с і п :**

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын **қ а м т а м а с ы з е т с і н ;**

жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Бағдарлама іс-шараларының іске асырылу барысы туралы талдамалық ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының Бағдарламаны орындау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 1305 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары,  
бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың  
2005-2014 жылдарға арналған  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2004 жыл

**1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары,  
бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың  
2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы  
әзірлеу үшін 28 маусымдағы № 715 қаулысымен бекітілген  
негіздеме Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын  
дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік  
бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар  
жоспарының 4.4-тармағы

Негізгі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда  
әзірлеуші министрлігі

Мақсаты Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары,  
бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін  
инновациялық дамытуды қамтамасыз ету.

Міндеттері Саланы дамытуды ынталандыратын негізгі шараларды  
айқындау;  
саланы дамытуды мемлекеттік қолдаудың нысандары  
мен әдістерін айқындау;  
қазіргі жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті  
және экспортқа бағдарланған құрылыс материалдарын,  
бұйымдары мен құрастырмаларын алу бойынша жаңа  
өндірістерді құру.

Қажетті  
ресурстар мен  
оларды  
қаржыландыру  
көздері

Инвестициялық жобаларды іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету кәсіпорындардың өз, шетелдік және отандық инвесторлардың, мемлекеттік даму институттарының қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаның ғылыми-техникалық бөлігін қаржылық қамтамасыз ету мемлекеттік тапсырыс шеңберінде республикалық бюджетте Бағдарлама әкімшісі көздеген қаражат шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу бөлігін қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады, шығындардың көлемі 100 млн. теңгені, оның ішінде жылдар бойынша: 2006 жылы - 47 млн. теңгені, 2007 жылы - 53 млн. теңгені құрайды;

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру кәсіпорындардың өз қаражаты, шетелдік және отандық инвесторлардың қаражаты, кредиттер есебінен жүзеге асырылады. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі бірінші кезеңде (2005 - 2007 жылдары) 50,3 млрд. теңгені; екінші кезеңде (2008 - 2010 жылдары) 206,1 млрд. теңгені құрайды.

Күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар) мыналарға: құрылыс материалдары импортының көлемін 380 млн. АҚШ долларына төмендетуге және валюталық қаржының кетуін жыл сайын орта есеппен 120-170 млн. АҚШ долларына төмендетуге; ілгерінді технологияларды енгізу есебінен материалды, энергияны және еңбекті қажетсінетін өндірістерді азайтуға және өнімнің өзіндік құнын төмендетуге; республикадағы салалардың өндірістік әлеуетін одан әрі өсіруге арналған базаны құруға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде (2008-2010 жылдар): құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерімен құрылыстың тұтыну көлемінен 80-90%-ға

дейін қамтамасыз етуге қол жеткізуге;  
тиімді және экологиялық таза құрылыс  
материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының  
ассортиментін ұлғайтуға;

Үшінші кезеңде (2011-2014 жылдар):  
экспортқа бағдарланған өндірісті игеруге және  
сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті құрылыс  
материалдарын шығаруды 60%-ға дейін ұлғайтуға;  
жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін  
өндірістерді пайдалануға беруге қол жеткізуге;  
12000-ға дейін қосымша жұмыс орнын құруға және  
халықты жұмыспен қамтуды жоғарлатуға.  
салықтардың нақты түсімін ұлғайтуға мүмкіндік

береді.

Іске асыру мерзімі 2005-2014 жылдар, 1-кезең 2005-2007 жылдар, 2-кезең  
2008-2010 жылдар, үшінші кезең - 2011-2014 жылдар

**Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.19. N 514  
қаулысымен.**

## **2. Кіріспе**

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.4-тармағына сәйкес әзірленді.

Тұрғын үй құрылысы азаматтық, өнеркәсіптік және арнайы құрылыстың дамуымен қатар, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып танылды және жалпы ұлттық сипаттағы барынша маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты халықтың қалың жігінің тұрғын үйге қолжетімділігі қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу болып табылады. Сондай-ақ тұрғын үй құрылысының құнын төмендетуге, тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарын өндіруді одан әрі дамытуға және жаңа технологиялар енгізуге, жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға әрі жеке инвестицияларды тарту есебінен тұрғын үй салуға бағытталған шаралар  
қ а б ы л д а у к ө з д е л і п о т ы р .

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде тұрғын үйлерді пайдалануға беруді жыл сайын өсіру қарқыны кезінде үш жыл ішінде жалпы алаңы 12 млн. шаршы метрден астам, оның ішінде 2005 жылы - 3 млн. шаршы метрден астам, 2006 жылы - 4 млн. шаршы метрден астам, 2007 жылы - 5 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй салынатын болады. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 150,0 млрд. теңге, оның ішінде: 2005 жылы - 60,5 млрд. теңге, 2006 жылы - 63,7 млрд. теңге, 2007 жылы - 25,8 млрд. теңге бөлінетін болады. Бұдан басқа, 2005 жылы кредитке берілетін 42 млрд. теңгені 2007 жылы қайта инвестициялау жүзеге асырылатын болады.

Өнеркәсіптік және азаматтық үйлер мен ғимараттар құрылысының сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптар әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жаңа және тиімді құрылыс материалдарын қолдануды алдын ала айқындайды.

Дегенмен, құрылыс материалдарының отандық өнеркәсібі құрылыс өндірісінің қажеттілігін толық көлемде қанағаттандырмай отыр.

Құрылыстың материалдық-техникалық базасының деңгейі қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді. Көптеген кәсіпорындардың негізгі қорының тозуы 60-70%-ды құрайды. Өндіріс энергияны жоғары деңгейде тұтына отырып, экологиялық талаптарды сақтамастан, ескірген технологиялар бойынша жүргізілуде. Өнімдердің жекелеген түрлері бәсекеге қабілетсіз болып отыр.

Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде экономикалық өсу және ұлттық жалпы өнімдегі шикізатты құрайтын жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өнімге кезең-кезеңмен алмастыру Қазақстанның стратегиялық дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылатыны Бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігіне себепші болды.

Осы факторлардың барлығы отандық құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту, ішкі және сыртқы рыноктарда да олардың бәсекеге қабілетін арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған, көрсетілген ұзақ мерзімді Бағдарламаны әзірлеуге себепші болды.

Бұрын құрылыс материалдарының өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қарашадағы N 1366 қаулысымен бекітілген "Құрылыстың өндірістік базасын құрылымдық қайта құрудың 1996-2000 жылдарға арналған" бағдарламасы әзірленген болатын, қаржылық қиындықтарға байланысты Бағдарлама іске асырылмады.

Қазақстандағы құрылыс материалдарының экспортына шетелдік фирмалардың қызығушылығы, отандық кәсіпорындардың өз қаржылық

мүмкіндіктерінің шектелуі, капитал салымы көлемінің үлкен болуы және өтемділіктің ұзақ мерзімге созылуы құрылыс материалдары кәсіпорындарын дамытуға арналған инвестицияларды тартуға ынталандырмады.

### **3. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің қазіргі жай-күйін талдау**

#### **3.1. Жалпы деректер**

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі кез келген ел экономикасының ірі құрамдасы болып табылады. Құрылыс үшін негізгі материалдық база болып табылатын ол экономиканың басқа да салаларындағы және қоғамның тұтастай әлеуметтік жай-күйінің өсім қарқынына айтарлықтай әсерін тигізеді. Қазақстанда оның құрамына 600-ге тарта кәсіпорын кіреді, бұл ретте олардың 30-ы ірі, ал 100-і орташа болып табылады. Қазақстанның барлық құрылыс индустриясында 268 мың адам (жалпы жұмыспен қамтылғандардың 4%-ы) жұмыспен қамтылған, олардың ішінде құрылыс материалдары өндірісінің саласында 63753 адам. Дамыған елдердің көпшілігінде құрылыс индустриясының үлесі 5-тен 7% а р а л ы ғ ы н д а .

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі дегеніміз - 20-ға таяу дербес салаларды қамтитын, олардың көпшілігінің өз құрамында бірнеше өндірістері болады, бұл ретте жиынтығында құрылыс материалдарының жалпы рыногын құра отырып, әрбір сала дербес жұмыс істейтін өз рыногын құрады.

Құрылыстың жоғары қарқыны мен құрылыс материалдарының өндірісі үшін ресурстардың болуы құрылыс материалдарының рыногын қалыптастырудың негізгі алғышарты болып табылады. Сондай-ақ саланың дамуына тұрғын үй құрылысы үшін және басқа да оларды кезеңдік қалпына келтіру, жөндеу, қайта жаңғырту үшін тұрмыста үй шаруашылығы құрылыстарына қажетті құрылыс материалдарына тұрғындардың қажеттілігі, сондай-ақ халық шаруашылығы кешенінің кәсіпорындар, офистер, өндірістік кешендер салу әрі мемлекеттік және қоғамдық қордың тұрғын ғимараттарын, әкімшілік, мәдени-тұрмыстық ғимараттарды, өнеркәсіптік және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу үшін құрылыс материалдарына қажеттілігі саланың дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстанда бұл сала айрықша көп тармақтылықпен ерекшеленбейді, отандық өндірушілер санитарлық-техникалық бұйымдарды, табақ шыны сияқты тауарларды, лакты сырлық бұйымдардың, жылу оқшаулағыш бұйымдардың көптеген түрлері мен өзгелерін шығармайды.

Цемент, жылу оқшаулағыш, қабырғалық, жабындық әрлеу материалдары мен басқа да бұйымдарды өндіру жөніндегі кәсіпорындарды қайта жарактандыру төменгі қарқынмен жүзеге асырылуда. Меншікті машина жасау дамымаған, іс

жүзінде жүк көтеру машиналарын, көтеру-тасымалдау тетіктерін, құрылыс машиналары мен технологиялық жабдықтарды өндіру жөніндегі зауыттар жоқ.

Бүгінде құрылыс материалдарының отандық өнеркәсібі Қазақстанның құрылыс кешенінің бір бөлігін ғана қанағаттандыруға қабілетті, соның әсерінен рыноктың басым бөлігін іс жүзінде құрылыс материалдарының барлық түрлері бойынша зәрулікті болдырмайтын импорттық өнім иеленеді.

Тіпті, Қазақстанда соңғы жылдары қыш тақталар, пластмассалық құбырлар, металл жабынқыштар, пластиктен жасалған ұсталық бұйымдар, құрғақ қоспалар және басқа да өнімдер шығару жөніндегі өндіріс пайда болғанымен, іс жүзінде Қазақстанның құрылыс материалдары саласының барлық өнімдері сыртқы рынокта бәсекеге қабілетсіз (асбестті қоспағанда). Саланың көптеген кәсіпорындарының техникалық деңгейі озық шетелдік технологиялардың талаптарынан біршама артта қалып қойған. Мұның негізгі себептері - инвестициялардың жеткіліксіздігі, тозудың жоғарылығы (55%-ға дейін), негізгі қорларды жаңартудың баяулығы мен білікті мамандардың жеткіліксіздігі.

### **3.2. Құрылыс материалдарының ішкі рыногын талдау**

Тұтынушылардың "бірлігі" құрылыс материалдары рыногының айрықша ерекшеліктерінің бірі болып табылады, рыноктардың кіші салаларының көпшілігі үшін - бұл құрылыс ұйымдары. Құрылыста 75-80%-дан астам құрылыс материалдары, 95%-дан астам қабырғалық материалдар, 90% құрылыс бетондарынан жасаған бұйымдар, 85% асбестцементті бұйымдар, 95% жиналмалы темір бетондар тұтынылады. Осыған орай құрылыс материалдарының негізгі түрлерінің рыногын дамытуға құрылыстың көлемі мен құрылыс индустриясының дамуы әсер етеді, ал құрылыс көлемдерін өзгертудің серпіні оны қалыптастырады.

Қазақстандағы құрылыс саласы соңғы жылдары жылына 20%-дан астам қарқынды өсімді көрсетіп отыр. Бұл ретте құрылыстың барлық секторлары: өнеркәсіптік, тұрғын үй, жол құрылысы белсенді дамуда.

Күрделі құрылыстан басқа, құрылыс материалдары рыногының өнімдері мынадай халық шаруашылығының барлық салаларының қажеттілігін қанағаттандыруға арналған: тау-кен өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, өңдеуші өнеркәсіп, электр энергиясын, газ бен суды өндіру мен оны бөлу, көлік пен байланыс. Үй шаруашылығының жеке тұрғын үй құрылысы да құрылыс материалдарының маңызды тұтынушыларының бірі болып табылады.

Құрылыс материалдары саласы өнеркәсібіндегі үрдіс ең алдымен республиканың экономикасындағы инвестициялық белсенділікпен, саланы реформалаудың қарқынымен және капитал салымдары құрылымындағы өзгерістермен айқындалады. Ипотекалық кредит берудің дамуы, сондай-ақ Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы да

құрылыс материалдары саласындағы капитал ағынына ықпал ететін болады.

Осы саланың келесі ерекшелігіне бірыңғай рынок пен рыноктық кеңістіктің, өңірлердегі құрылыс материалдарының жергілікті рыноктарының жеткіліксіз дамуы, сондай-ақ әзірленетін шикізат көздеріне бекітілген кәсіпорындардың біркелкі емес және тепе-тең емес аумақтық бөлінуі жатады. 2003 жылы құрылыс объектілеріне айтарлықтай капитал салымдары кезінде құрылыс материалдары рыногының басым көлемі Қазақстанның Батыс өңірлерінің, сондай-ақ цемент, құрылыс кірпіші, қыш және отқа төзімді бұйымдар, асбестцементті пен минералданған бұйымдар, рудалық емес материалдар және тағы басқалар сияқты құрылыс материалдарының кейбір түрлерінің өндірісі жеткілікті түрде дамымаған немесе мүлде жоқ Ақмола мен Алматы облысының иелігінде қалып  
о т ы р .

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі мейілінше көп энергияны, материалдарды қажетсінетін, сондай-ақ жүкті қажетсінетін сала болып табылады : саланың құрылым шығындарында 20%-дан астамын отын-энергетикалық ресурстар құрайды; көліктің әр түрлерімен өнім мен шикізатты тасымалдау көлемі жалпы мемлекеттік жүк тасымалының 30%-ын құрайды; саладағы тау-кен жұмыстарының көлемі қара және түсті металлургияның соған ұқсас көлемінен асып түседі; шикізат шығындары, әдетте, өнімнің бірлігіне 1-2 салмақ бірлігін құрайды. Мысалы, 1 тонна цемент өндірісі үшін 1,2-2,2 тоннаға дейін әктас және 0,3-0,8 тоннаға дейін қоспалар, 1 тонна әк үшін - 2 тонна әктас, 1 тонна құрылыс гипсі үшін - 1,25 гипс тасы және т.б. қажет. Құрылыс материалдарының негізгі массасы айтарлықтай көлікті қажетсінумен ерекшеленеді, ал оларды алысқа  
т а с ы м а л д а у п а й д а л ы е м е с .

Қазіргі кезде монополист кәсіпорындардың тарифтік және бағалық қысымы ( газға, отынға, бензинге, электр энергиясына бағаның ұлғаюы және тасымалға тарифтердің өсімі) саладағы экономикалық жағдайды болжау кезінде қосымша қиындықтар туғызады. Бұл ретте негізінен мұнай өнімдеріне деген бағаның өсіміне байланысты жүк тасымалы өнімге тұтынушылық сұранысты төмендетеді, құрылыс материалдарының өзіндік құны мен бағасын арттырады, олардың бәсекеге қабілетін төмендетеді және импорттың өсіміне алып келеді.

Осы рынокты қараған кезде құрылыс материалдарына деген маусымдық сұраныстың да маңызы бар. Мәселен, құрылыс атмосфералық және климаттық жағдайларға байланысты болады және бұл факторлардың әрекеті объектілерді жыл бойы салуды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, жаз, көктемнің бір бөлігі мен күз құрылыс салу кезеңі болып табылады. Қазақстан жағдайында бұл кезең 7 -8 ай болып отыр. Осыған орай құрылыс материалдарына сұраныс маусымдықпен сипатталады. Алайда, құрылыстағы жаңа технологиялардың пайда болуы, құрылыс мерзіміне талаптардың өсуі құрылыс материалдарына



сұраныстың маусымдылығын біршама жеңілдетеді.

Рынок ерекшелігінің арасында шикізат биржалары, делдалдық қызметпен айналысатын көптеген фирмалар, маркетингтік, консалтингтік, аудиторлық ұйымдар, сондай-ақ ақшалай-кредиттік жүйе мен банктерді, шаруашылық тәуекелдерді сақтандыру жүйелері мен тағы басқаларын қоса алғанда, инфрақұрылымдардың дамымағанын да бөліп айтуға болады. Рыноктың инфрақұрылым тұтынушылардан түсетін көңіл-күйді қалыс жібермейді, өндірушілерге осы реңкті қабылдауын және оларға бара-бар әсерін қамтамасыз етеді, өндірушілер мен тұтынушыларды бірыңғай шаруашылық процестермен байланыстырады. Қазақстанда құрылыс материалдары инфрақұрылымның әлі қалыптаспаған деп айтуға болады, ал отандық құрылыс материалдарының жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету өте қажет.

1996-2003 жылдар кезеңі шетелдік тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді жеткізушілердің белсенді экспансиясы жағдайында өтті. Отандық өндірістің 1998 жылдан бастап жандана бастағанына қарамастан, осы күнге дейін құрылыс материалдары мен бұйымдарына сұранымның өскендігін дәлелдейтін құрылыс материалдары импортының өскені байқалып отыр (1-кестені қараңыз).

**1-кесте. Негізгі құрылыс материалдары өндірісінің және импортының көлемі, млн. теңге**

Атауы	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл
Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының негізгі түрлерін шығару	15 160	18 420	22 000	57 452	68 458
Негізгі материалдарының импорты	23 946	21 630	52545,4	8 200	132 063

Соңғы жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту шеңберінде қолданылған шаралар құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының негізгі түрлерін өндіру көлемінің артуына әсер етті, 2003 жылы 2002 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда орта есеппен 48,8%-ды құрады. Бірақ, құрылыс көлемінің артуына алғышарт жасаған құрылыс материалдары импортының өсуі кәсіпорындардың өндірістік қуатын пайдалануды әлі де тоқтатып тұр, оның 10-25%-ы нақты пайдаланылып отыр.

Тұтастай алғанда, құрылыс кешенінің қуаты толығымен пайдаланылмайды,

негізінен өндірісті жаңғыртуға арналған кәсіпорындардың айналым қаражатының шектелуінен әрі құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісінде жоғары сапалы технологияларды игеру үшін жеңілдікті ұзақ мерзімді кредиттердің болмауынан оның мүмкіндіктері шектеліп отыр (2-кестеге қараңыз).

**2-кесте. 2003 жылы құрылыс материалдарының, бұйымдар мен құрастырмалардың негізгі түрлерін өндіру**

Өнімнің атауы	Өлшем бірлігі	2003 жылғы өндіріс	2002 жылға есепті кезең %- да
Мәрмәр және әктасты тас	мың текше метр	69,4	84,4
Гранит, басқа да тастар	мың текше метр	1464,2	114,4
Әктас және гипс	мың тонна	7352,5	109,8
Табиғи құм	мың текше метр	2412	112,6
Рудалық материалдар	мың текше метр	12271,8	137,4
Ағаш материалдар	мың текше метр	263,6	114,2
Терезелер, және басқа бұйымдар	есіктер да ағаш мың шаршы метр	375,6	119,5
Полимерлер дегі бояулар, лактар	негізін-тонна	10552	183,6
Пластмассадан салған түтіктер шлангтер	жасалған құбырлар, және тонна	5472,3	256,3
Пластмассадан және терезелер	жасалған есіктер, тонна	6873	112
Керамика және тақталар	тақтайшалар мың шаршы метр	680,3	121,1
Керамикадан құрылыстық кірпіш	жасалған мың текше метр	286,2	76,1
Цемент	мың тонна	2569,7	120,7
Әк	мың тонна	789,6	111,1

С и л и к а т	ж ә н е	қ о ж	
кірпіш	мың тонна	527,5	51,4
Ж и н а л м а л ы	қ ұ р ы л ы с т ы қ		
құрастырмалар	мың тонна	1542,1	167
Тауарлық бетон	мың текше метр	4043,7	115,3
А с б о ц е м е т т е н	ж а с а л ғ а н		
шифер	мың шаршы метр	9438,5	142,3
А с б о ц е м е т т е н	ж а с а л ғ а н		
қ ұ б ы р л а р	м е н		
фитингтер	тонна	5839	237,1
Құрылысқа арналған тас	тонна	28081	79,8
Ж а б ы н д ы	( р у б е р о и д )		
бұйымдар	мың шаршы метр	16277	130
Қ о ж м а қ т а	ж ә н е		
минералды мақта	тонна	8009	137,1
Қ а р а	м е т а л д а н		
жасалған	раковиналар		
мен жуғыштар	мың дана	6,5	70,7
Қ а р а	м е т а л д а н		
жасалған ванналар	мың дана	42,3	285,8
Ж и н а л м а л ы	м е т а л л		
құрастырмалар	тонна	84246	153,1

**3-кесте. Құрылыс материалдарының негізгі түрлерінің  
2003 жылғы импорты және қажеттілігі**

Р/с   N	Атауы	Импорттың    құны,	Импорт   А Қ Ш	Жалпы қажеттілік
		м ы ң	д о л л а р ы	
1	Табиғи	құм және	басқалар,	
	мың тонна	1599,9	252	2500
2	Рудалық	емес	материалдар,	
	мың тонна	1251,1	234,5	12350
3	Цемент,	мың тонна		
		18920,6	480,9	3035
4	Әк,	мың тонна		
		1578,6	23	812
5	Гипс, ангидрит,	мың тонна		
		1758,9	22,3	7313
6	Сылақ,	тығыздағыштар,		

	бітегіштер, мың тонна	9038	23,5	55
7	Керамикалық кірпіш, мың дана	5243,2	43824,4	195000
8	Бояулар, лактар мен ерітінділер, мың тонна	38063,9	35	44,5
9	Қыштық тақталар және тақтайшалар, мың шаршы метр	32140,3	8526,3	9202
10	Шифер, мың шаршы метр	6256	94	11721
11	Линолеум, мың шаршы метр	6697,1	3930,7	3931
12	Қожмақта, минералды, силикатты мақта, тонна	9657,4	23340	31240
13	Гранит, мәрмәркесілген тастар, мың тонна	4330,8	8	39
14	Бетоннан жасалған жиналмалы құрылыстық құрастырмалар, тонна	4810,4	72250	1542
15	Жабынды материалдар, мың шаршы метр	3678,2	5297,6	21575
16	Фарфордан жасалған раковиналар, қолжуғыштар, тонна	7409,4	7610	7610
17	Шыны, мың шаршы метр	12568	5583,5	5583
18	Гипс-картон, мың шаршы метр	7937,6	5378,1	5400
19	Ағаштан жасалған тақталар, басқалар, мың текше метр	25534,5	99,9	100
20	Ыстықтай басылған шыбықшалар (арматура), мың тонна	62645,1	233,7	234
21	Силикат және қож кірпіш, мың тонна	-	-	527,5
22	Қара металдан жасалған раковиналар мен жуғыштар, мың дана	-	-	6,6
23	Қара металдан жасалған ванналар, мың дана	2092	36	44
24	Радиаторлар және оның бөліктері, мың тонна	7383	7,5	7,5
25	Пластикпен немесе қағазбен әрленген ағаштан жасалған тақталар, мың текше метр	494	99,9	100
26	Жеңіл бетоннан жасалған блоктар, мың тонна	1145,4	20,5	21

	Пластмассадан	жасалған	
	құбырлар,	түтіктер	және
	шлангтер	мен	олардың
фитингтері, мың тонна		29906,5	13 18,5

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің негізгі өндірістік қуаттары республиканың шығыс, оңтүстік және орталық облыстарында орналасқан. Аумақтық орналастырудағы сәйкессіздіктер жоғары тарифтік жағдайларда өнімдер мен шикізаттарды жеткізу бойынша көп қаржы шығынына алып келеді. Едәуір қашықтыққа жеткізген кезде сату бағасындағы көлік шығыстарының үлес салмағы 55-65%-ға жетеді, бұл республиканың облыстары бойынша бағаның едәуір саралануына алып келеді (4-кестені қараңыз).

**4-кесте. Құрылыс материалдарының жекелеген түрлеріне арналған 2003 жылғы орташа бағалар**

Құрылыс материалдарының атауы	Облыстардың, қалалардың атауы					
	Атырау	Батыс  Қазақстан	Маңғыстау	Оңтүстік  Қазақстан	Астана	Алматы
Цемент тг/тонна	7537,0	8330,0	9628,0	6087,0	4918,0	7393,0
Қыш			к і р п і ш			
тг/дана	11,0	9,9	15,6	7,4	28,9	13,5
С и л и к а т		ж ә н е		қ о ж		
кірпіш тг/дана	13,7	12,9	21,38	8	12,9	15,89
Т а у а р л ы қ			б е т о н			
тг/текше метр	10946,0	6527,0	14726,0	5365,0	6687,0	4010,0
Қ и ы р ш ы қ т а с						
тг/текше метр	2146,0	2239,0	2010,0	519,0	1166,0	676,0
Қ ұ р ы л ы с т ы қ			қ ұ м			
тг/текше метр	1756,0	756,0	2623,0	947,0	776,0	467,0
Қ ы ш			т а қ т а			
тг/шаршы метр	1613,0	852,0	1139,0	725,0	934,0	1596,0
Ж е р т ө л е			қ а б ы р -			
ғ а с ы н ы ң						
б л о к т а р ы						
тг/текше метр	7133,0	10154,0	32735,0	9343,0	5406,0	5437,0

Т е р е з е	ш ы н ы с ы					
тг/шаршы метр	393,0	506,0	988,0	393,0	632,0	697,0

### 3.3. Жанама салаларды дамытудың әлеуеті

Ұлттық экономикадағы осы саланың орнын анықтай отырып, оның өнеркәсіптің басқа салаларымен өзара байланысын айқындау қажет. Іс жүзінде салалар арасындағы өзара байланыс анағұрлым кең және күрделі, оларды оңайлатылған түрде ұсыну құрылыс материалдары өндірісінің салаларын, оның ұқсас және көмекші салаларын дамытуға әсер ететін негізгі процестерді қадағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, қаралып отырған саланың шикізаттық базасы тау-кен өндіру өнеркәсібі болып табылады, бірақ қиыршықтас, құм, әктас және өзгелер сияқты рудалық емес құрылыс материалдары өңдеуге ұшырамайды және бірден тұтынылады. Химиялық өнеркәсіп және металлургия да құрылыс материалдарының кейбір түрлерін өндіру үшін шикізат жеткізушілер болып табылуы мүмкін. Одан әрі дайын өнім тұтынушы рынокқа (құрылыс ұйымдарына) тікелей түсуі мүмкін, бірақ көбінесе құрылыс материалдары сауда делдалдары арқылы сатылады.

Өндірушілер сатып алушылар ретінде де қатысуы мүмкін, яғни құрылыс заттарының көптеген түрлерін өндіру үшін компонент ретінде әртүрлі құрылыс материалдары қажет, мысалы шифр, темірбетон бұйымдары үшін цемент қажет және т.б. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары саланың өзінен 20%-дан астам өнімді тұтынады, оның 75%-ы сала ішіндегі айналымды құрайды. Салада 35%-ға жуық өндірілетін цемент және 30%-ға жуық басқа да кіші салалардың өнімдері, негізінен асбест және рудалық емес құрылыс материалдары тұтынылады.

Көмекші салалармен өзара байланысты қалыптастырудың маңызы зор, оларсыз (технологиялар және жабдықтар, тасымалдау, электр энергиясы, жұмыс күші, капитал) құрылыс материалдары өндірісінің саласы болуы мүмкін емес. Егер бұрын мұндай аудит, консалтинг және сақтандыру сияқты қызметтер көрсету сала үшін қажет емес болса, дәл қазір бәсекеге қабілетті саланы мұндай инфрақұрылымдарсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің жекелеген кіші салалары бойынша қосымша құн тізбектемесін, оның ықпалдастырылу деңгейін зерделеу сондай немесе өзге проблемалардың бар екендігін және олардың туындау себептерін көрсетуі мүмкін.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібі құрылыс саласының тұтастай әлеуетін айқындайтын өндіріс саласы болып табылады.

Бұл орайда саланың қарқынды даму мүмкіндігінің қолда бар әлеуетін атап өткен жөн.

Сонымен, саланың дамуына кепілдік беретін күшті тараптарға мыналар ж а т а д ы :

мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары және ұйымдар түрінде ғылыми-техникалық әлеуеттің болуы;

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдауға байланысты өнімдерді тұтынатын сыйымды рыноктың болуы және оның артуы;

инвестициялық ресурстарға мүдделі кәсіпорындардың қол жеткізуіне мүмкіндік ашатын даму институттарының болуы;

саланың дамуын қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты жете түсіну; өңірлік құрылымдарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеткілікті шикізат базасының және материалдардың, бұйымдар мен құрастырмалардың көптеген номенклатурасын шығаруға арналған кіші салалардың болуы.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің жай-күйін талдау, өндірістік-экономикалық байланыстардың үзілуі, ішкі рыноктың күрт тарылуы және тұтынушы сұранымының төмендеуі, күрделі құрылысқа инвестициялардың бірнеше есе азаюы, энергия ресурстары мен қызметтер көрсетуге бағаның артуы саланың көптеген кәсіпорындарын экономикалық құлдырауға, банкротқа ұшырауға әрі таратуға алып келгендігін көрсетеді. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің құлдырауы 1990 жылғы деңгейден 1999 жылы өнімдерді шығару не бары 7,1%-ды құрауына алып келді. Өтпелі кезеңнің қиындықтарын республиканың рыногында бос қалған орындарды иемденген шетелдік фирмалар мен компаниялар ұтымды пайдаланды .

Сонымен бірге, құрылыс кешенінің материалдық базасының бірқатар позициясы бойынша 1999 жылы өндірістің құлдырауы тоқтағаны анық, ал олардың ішінен кейбіреулерінің өркендеуі сала кәсіпорындарының біраз бөлігі рыноктық жағдайларға бейімделе бастағандығын айғақтайды.

### **3.4. Саланың дамуын тежейтін негізгі факторлар**

Саланың құрылымы айқын шикізаттық немесе шикізатқа жуық бағыттарға ие, республикада қайта өңдеудің жоғарғы дәрежесінде және құрылыс кешенінің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес өнімдер өндіретін кәсіпорындар жеткіліксіз. Экспорттың негізгі материалдары асбест және рудалық емес құрылыс материалдары болып табылады, сонымен қатар табақты шынының, қабырғалық материалдардың, қазіргі шатырлық материалдардың, қыштан жасалған бұйымдардың және сантехникалық бұйымдардың импорты жүзеге асырылуда.

Құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындардың көпшілігі орта немесе шағын және осының салдарынан оларда өндірісті жаңғырту (не ұйымдастыру) жөніндегі жобаларды қаржыландырумен байланысты елеулі проблемалар бар.

Проблемалар өзіндік айналымдық қаражатпен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі бөлігінде де, сондай-ақ лизингтік операцияларды қамтамасыз етуде де туындауда

Шағын кәсіпорындар ішкі және сыртқы рыноктарда да бәсекеге қабілетсіз, өйткені бір өндірістік тізбектің ішінде тұрған кәсіпорын өнімді рынок бағасымен шығарады, осылайша анағұрлым жоғары қосымша құны бар сегментте тұрған өндірушілерді шикізат алумен немесе оны алғашқы қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға қарағанда бәсекеге қабілетсіз етеді.

Менеджердің жеткіліксіз біліктілігі сала кәсіпорындарына өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Сала кәсіпорындарында да, соңғы өнімді негізгі тұтынушыларда да айтарлықтай ақпарат жеткіліксіздігі сезіледі. Сала кәсіпорындары саланы әлемдік, өңірлік және ұлттық деңгейде дамытудың қазіргі заманғы үрдістері туралы ақпаратқа мұқтаж, өнімнің әртүрлі түрлері бойынша маркетингтік зерттеулер қажеттілігі бар (отандық және өңірлік рыноктар). Құрылыс ұйымдары құрылыс белсенділігінің негізгі орталықтарына тасымалдаудың бағалары мен тарифтері көрсетілген құрылыс материалдарының отандық өндірушілері туралы а қ п а р а т қ а м ұ қ т а ж .

Бүгінгі күні кәсіпорын ішінде инновациялық жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді. Осы ретте, республикада құрылыс материалдарын алудың және қолданыстағы өндірістік желілерді жаңғыртудың жолдарын іздестірудің жаңа тәсілдерін әзірлеумен айналысатын арнайы ғылыми-зерттеу институттары іс жүзінде жоқ.

Қалыптасқан жағдай орташа жедел перспективадағы мемлекеттің тікелей араласуынсыз ішкі рыноктағы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетсіздігіне әкеледі.

Осылайша, салалық өзгеше ерекшеліктері бар құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің әлсіз жақтарына мыналар:

өндірістерді жарактандырудың техникалық төменгі деңгейі;  
кәсіпорындардың айналым қаражатының және өндірістерді жаңғырту мен техникалық қайта жарактандыру үшін қорланудың жеткіліксіздігі;  
өнімді өндірудің жоғарғы өзіндік құны;

нормативтік-ақпараттық қамтамасыз етудің нашар дамуы, әсіресе шикізаттың бары және жаңа сапа стандарттарын енгізу жөніндегі рәсімдер туралы ақпарат б ө л і г і н д е ;

өндірістерді орналастыруда аумақтық сәйкессіздіктердің болуы;  
жаңа импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту үшін инвестициялардың жеткіліксіз болуы;

кәсіпорындардың көліктік қызметтер көрсетуге қол жеткізуге және құнына ж о ғ а р ы т ә у е л д і л і г і ;



мамандардың аса жетіспеушілігі және оларды республикада дайындаудың сандық деңгейінің төмендігі жатады.

Бұның бәрі көпшілік кәсіпорындарды техникалық және технологиялық жарақтандырудың қазіргі деңгейі қазіргі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін отандық құрылыс материалдарын шығаруды ұйымдастыру мүмкін болмай отырғандығын куәландырып отыр.

Көптеген дамыған елдердің (АҚШ, Жапония және басқалар) практикасы экономикалық дағдарыстан шығудың тиімді шараларының бірі ретінде өнеркәсіптік өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді тарту және оларды дамыту екендігін көрсетіп отыр. Отандық құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі ғылыми-техникалық прогресс, негізінен шетелдік ғылыми-техникалық әзірлемелерге және импорттық технологиялық жабдықтар сатып алуға негізделген. Бұл саланы дамытудың басым бағыттарындағы жаңа салалық ғылыми зерттеулер және шетелдік технологиялар, алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың тәжірибелері базасында күш-жігерді шоғырландыруды талап етеді.

1993-1996 жылдар кезеңінде отандық ғылыми-зерттеу институттары (ҚазМСҚА, "Құрылыс материал ҒЗЖИ" ЖАҚ-ы, "(Қаз ҒЗСТҚСИ" РМК, ҒҰА ХИ) ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың ғылыми-техникалық бағдарламаларын орындады. ҒЗТКЖ-ды орындау нәтижелерінің негізінде құрылыс индустриясының базасын жаңғырту және қайта жаңарту жөніндегі "Кешенді бағдарлама" мен мақсатты бағдарламалар: "Неопорбетон", "Волластонит", "Полимерлі құрылыс материалдары" және т.б. әзірленді. Алайда, қаржылық қаражаттың жеткіліксіз болуы ҒЗТКЖ нәтижелерін өндіріске кеңінен енгізуге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан, құрылыс материалдары өнеркәсібін қарқынды дамытуға, өндірісті технологиялық жаңартуға, экспортқа бағдарланған құрылыс өнімдерінің сапасын дамытуға және ғылымды қажетсінетін өндірісті дамытуға бағытталған шараларды әзірлеу барынша өзекті болып отыр.

### **3.5. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісіне арналған Қазақстанның минералдық-шикізат базасы**

Шикізаттың негізгі түрлерінің кен орындарын нақтылау және өңірлерде кен орындары кадастрының түзету жасау құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өнеркәсібін дамытудың, жергілікті материалдық өндірісті дамытудың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстанның минералдық-шикізат базасына мониторинг жүргізу құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісіне, оның ішінде құрылыс кешенінің қазіргі талаптарына сәйкес келетін жоғары дәрежеде қайта өңделетін өнімдерге арналған шикізаттың негізгі түрлерінің пайдаланылатын кен орындарының

жеткілікті мөлшерде екендігін дәлелдейді. Бірақ, қазіргі уақытта пайдаланылатын кен орындарымен салыстырғанда резервтегі, өңделмеген кен орындарының саны басым болып отыр, бұл шикізат базасын жеткіліксіз пайдаланып отырғанымызды дәлелдейді және аса қарқынды дамуға алғышарт ж а с а й д ы .

Құрылыс индустриясының шикізат базасын кеңейтудің басым бағыттарының бірі өнеркәсіптің қалдықтарын өндіріске тарту болып табылады.

**5-кесте. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісіне арналған Қазақстанның минералдық-шикізат базасы**

Р/с  N	Шикізат   материалдары	Кен орындарының, саны			Қордағы (баланстағыларды және баланста жоқтарды қоса алғанда), мың текше метр		
		Бар- 	пай- 	резерв- 	Барлығы, 	пайдала- 	резерв- 
		оның 	ныла- 	оның ішінде 	оның ішінде 	нылатын- 	тегілер 
		ішін- 	тын- 			дар 	
		де 	дар 				
1	Құрылыс тасы	241	76	165	3576239,5	1656557,3	1919682,2
2	Құрылыс құмы	186	61	125	1654088,4	685199,32	968889,1
3	Қаптағыш тас	61	37	24	86382,24	45971,51	40410,73
4					Ғ а н ы ш ж ә н е		
	андригит	19	6	13	271282,0	175757,0	92525,0
5					Б а я у б а л қ и -		
	тын балшық	8	2	6	71724,04	18227,04	53497,0
6					П е р л и т т і		
	шикізат	3	-	3	22531,4	-	22531,4
7					В о л л а с т о н и т		
					ж ә н е д а л а		
	шпаты	23	3	20	471617,4	3944,2	467673,2
8					Ц е м е н т і		
	шикізат	45	17	28	4813236,3	2369902,3	2443334
9	Асбест	12	1	11	1514695,1	696838,0	817857,1
10					М а л т а т а с -		
	құмды қоспа	283	94	189	2596091,7	870185,3	1725906,4

1 1 К і р п і ш т і к  
 шикізат 869 43 826 1310637,5 272430,4 1038207,1

**6-кесте. Облыстар шегінде құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісіне арналған Қазақстанның минералдық-шикізат базасы**

Р/с  N	Облыс	Кен орындарының, саны			Қордағы (баланстағыларды және баланста жоқтарды қоса алғанда), мың текше метр		
		Бар- лығы, оның ішін- де	пай- дала- ныла- тын- дар	резерв- тегілер	Барлығы, оның ішінде	пайдала- нылатын- тегілер	дар
1	2	3	4	5	6	7	8

1. Құрылыс тасы							
1	Ақтөбе	17	8	9	261858,5	169004,5	92854,0
2	Атырау	1	1	-	1872,0	1872,0	-
3	Маңғыстау	10	6	4	167155,7	125790,7	41365,0
4	Қостанай	15	7	8	855823,9	700419,9	155404,0
С о л т ү с т і к							
5	Қазақстан	15	4	11	284832,4	42310,4	242522,0
6	Ақмола	25	12	13	339344,9	68942,9	270402,0
7	Қарағанды	51	17	34	530764,9	288054,1	242710,8
8	Павлодар	15	9	6	209862,6	147595,6	62267,0
Ш ы ғ ы с							
9	Қазақстан	36	7	29	181416,0	5723,6	175692,4
10	Алматы	19	3	16	188282,0	95041,0	93241,0
11	Қызылорда	5	-	5	158116,0	-	158116,0
12	Жамбыл	21	2	19	224980,6	11802,6	213178,0
13	Оңтүстік	11	-	11	168930,0	-	168930,0

Қ а з а қ с т а н  
 Қ Р б о й ы н ш а  
 БАРЛЫҒЫ 241 76 165 3576239,5 1656557,3 19196

2. Құрылыс құмы							
1	Ақтөбе	22	10	12	167493,8	77930,0	89563,8
2	Атырау	7	1	6	41802,9	612,9	41190,0
3	Маңғыстау	7	5	2	12075,86	8320,86	3755,0
4	Қостанай	20	7	13	322935,8	131808,8	191127,0
5					С о л т ү с т і к		
	Қазақстан	13	3	10	111344,9	42130,9	69214,0
6	Ақмола	3	1	2	16078,0	5189,0	10889,0
		22	11	11	47259,5	16189,5	31070,0
7	Қарағанды	13	4	9	48210,5	9925,5	38285,0
8	Павлодар	6	2	4	25074,7	3197,7	21877,0
9					Ш ы ғ ы с		
	Қазақстан	19	5	14	93052,4	26104,2	66948,2
10	Алматы	13	4	9	321748,87	185945,87	135803,0
11	Қызылорда	8	2	6	98264,14	60050,04	38214,1
12	Жамбыл	11	1	10	201554,6	12079,6	189475,0
1 3					О ң т ү с т і к		
	Қазақстан	12	4	10	132891,25	98819,25	34072,0
1 4					Б а т ы с		
	Қазақстан	10	3	7	14301,2	6895,2	7406,0
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	186	61	125	1654088,4	685199,32	968889,1	
3. Қаптағыш тас							
1	Ақтөбе	2	1	1	2332,7	263,7	2069,0
2	Қостанай	1	1	-	1890,72	1890,72	-
4	Ақмола	2	-	2	4047,5	-	4047,5
		3	1	2	9686,4	1443,4	8243,0
5	Қарағанды	10	6	4	9109,68	4188,18	4921,5
6	Павлодар	2	2	-	104,27	104,27	-
7					Ш ы ғ ы с		
	Қазақстан	5	4	1	7170,97	6726,87	444,1
8	Алматы	18	11	7	18791,38	13069,3	5722,08
9	Жамбыл	15	10	5	28157,69	15813,14	12344,55
1 0					О ң т ү с т і к		
	Қазақстан	4	2	2	5090,94	2471,94	2619,00
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАЛЫҒЫ	61	37	24	86382,24	45971,51	40410,73	
4. Ғаныш және ангидрит							
1	Ақтөбе	3	1	2	23235,0	8098,0	15137,0

2	Атырау	4	-	4	52023,0	-	52023,0
3	Қарағанды	5	1	4	8723,0	481,0	8242,0
4	Алматы	1	-	1	4028,0	-	4028,0
5	Жамбыл	1	1	-	49708,0	49708,0	-
6					Оңтүстік		
	Қазақстан	3	2	1	111963,0	111473,0	490,0
7					Батыс		
	Қазақстан	2	1	1	21602,0	5997,0	15605,0
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	19	6	13	271282,0	175757,0	92525,0	

5. Баяу балқитын балшық

1	Ақтөбе	1	-	1	2015,0	-	2015,0
2	Ақмола	2	-	2	15402,0	-	15402,0
3	Қарағанды	1	1	-	105,44	105,44	-
4					Шығыс		
	Қазақстан	2	-	2	24594,0	-	24594,0
5	Алматы	1	-	1	11486,0	-	11486,0
6					Оңтүстік		
	Қазақстан	1	1	-	18121,6	18121,6	-
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	8	2	6	71724,04	18227,04	53497,0	

6. Перлитті шикізат

1	Ақмола	1	-	1	1992,0	-	1992,0
2					Шығыс		
	Қазақстан	2	-	2	20539,4	-	20539,4
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	3	-	3	22531,4	22531,4		

7. Волластонит және дала шпаты

1	Ақтөбе	1	-	1	44,0	-	44,0
2	Ақмола	1	-	1	7,0	-	7,0
3	Қарағанды	5	-	5	42180,2	-	42180,2
4					Шығыс		
	Қазақстан	11	1	10	425527,2	99,2	425428,0
5	Алматы	3	1	2	11,0		11,0
6	Жамбыл	1	-	1	3,0	-	3,0
7					Оңтүстік		
	Қазақстан	1	1	-	3845,0	3845,0	-
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	23	3	20	471617,4	3944,2	467673,2	

					8. Цементті шикізат		
1	Қостанай	7	2	5	900910,0	268684,0	632226,0
2					С о л т ү с т і к		
	Қазақстан	3	-	3	344766,0	-	344766,0
3	Қарағанды	5	3	2	1545989,0	1288058,0	260930,0
4	Павлодар	5	2	3	418538,0	96159,0	322379,0
5					Ш ы ғ ы с		
	Қазақстан	10	6	4	337146,9	184224,3	152922,6
6	Алматы	2	-	2	49846,0	-	49846,0
7	Жамбыл	2	1	1	274863,0	44348,0	230515,0
8					О ң т ү с т і к		
	Қазақстан	7	3	4	584503,3	516968,3	67535,0
					Б а т ы с		
	Қазақстан	4	-	4	308632,0	-	308632,0
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	45	17	28	4813236,3	2369902,3	2443334	
					9. А с б е с т		
1	Ақтөбе	8	-	8	1276,33	-	1276,33
2	Қостанай	1	1	-	696838,0	696838,0	-
3	Қарағанды	3	-	3	816580,8	-	816580,8
Қ Р					б о й ы н ш а		
БАРЛЫҒЫ	12	1	11	1514695,1	696838,0	817857,1	
					10. Малтатас-құмды қоспа		
1	Ақтөбе	6	1	5	27919,3	11559,3	16360,0
2	Атырау	9	5	4	10931,8	3310,8	7621,0
3	Маңғыстау	23	12	11	90511,14	26491,14	64020,0
4	Қостанай	2	1	1	25564,5	17219,5	8345,0
5					С о л т ү с т і к		
	Қазақстан	2	-	2	11275,0	-	11275,0
6	Ақмола	14	7	7	97202,7	48393,7	48809,0
7	Қарағанды	20	4	16	291736,9	27788,8	263948,1
8	Павлодар	9	5	4	146098,0	53372,0	92726,0
9					Ш ы ғ ы с		
	Қазақстан	81	9	72	374221,6	115627,3	258594,3
10	Алматы	43	16	27	610615,2	160873,2	449742
11	Қызылорда	8	1	7	161584,4	53058,4	108526,0
12	Жамбыл	26	11	15	190715,61	105073,61	85642,0
1 3					О ң т ү с т і к		
	Қазақстан	23	14	9	292648,2	95576,2	197072,0

		Б а т ы с					
1	4	Қазақстан	17	8	9	265067,4	151841,4 113226,0
		Қ Р	б о й ы н ш а				
		БАРЛЫҒЫ	283	94	189	2596091,7	870185,3 172590
			6,4				
			11. Кірпіштік шикізат				
1		Ақтөбе	29	2	27	49766,4	11494,0 38272,4
2		Атырау	23	1	22	50333,0	1741,2 48591,8
3		Маңғыстау	6	5	1	32302,76	23721,76 8581,0
4		Қостанай	189	3	186	162021,0	6592,0 155429,0
			С о л т ү с т і к				
		Қазақстан	102	-	102	74527,0	- 74527,0
6		Ақмола	36	1	35	31716,0	2951,0 28766,0
			90	1	89	79729,5	696,5 79034,0
7		Қарағанды	53	4	49	109322,7	13433,7 95889,0
8		Павлодар	40	2	38	138603,0	113967,0 24636,0
			Ш ы ғ ы с				
		Қазақстан	69	3	66	212015,3	62154,3 149861,0
10		Алматы	58	6	52	133316,6	21822,9 111493,7
11		Қызылорда	29	1	28	34948,2	3092,2 31856,0
12		Жамбыл	34	1	33	55400,4	450,4 54950,0
			О ң т ү с т і к				
		Қазақстан	36	2	34	83703,95	6826,95 76877,0
			Б а т ы с				
		Қазақстан	75	11	64	62929,74	3486,54 59443,2
		Қ Р	б о й ы н ш а				
		БАРЛЫҒЫ	869	43	826	1310637,5	272430,4 103820
			7 , 1				

#### 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалар өнеркәсібінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр: саланы дамытуды ынталандыратын негізгі шараларды айқындау; саланы дамытуды мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындау

;

қазіргі жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын алу бойынша жаңа өндірістерді құру.

## **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

### **5.1. Саланы дамытуды ынталандыратын негізгі шараларды айқындау**

**Ескерту. 5-1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.19. N 514 қаулысымен.**

Құрылыс индустриясының базасын дамыту үшін мынадай іс-қимылдар қабылдау :

*бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):*

сала өнімінің барынша перспективалы түрлерінің тізбесі бойынша қолданыстағы кедендік ставкалар мен қорғау баждарының (бар болған кезде) деңгейіне талдау жүргізу;

сезімталдық деңгейін ескере отырып, тауарлардың топтары бойынша отандық өндіріс салаларының құрылыс өнімдерін бөлуге талдау жүргізу;

негізгі шикізат түрлерінің кен орындары қорларын нақтылау және өңірлердегі кен орындарының кадастрына түзету жүргізу, құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары кәсіпорындарына мониторинг жүргізу және өңірлік жағдайларды ескере отырып, өндірістік қуатты тиімді орналастыру үшін ұсыныстар дайындау жөнінде шаралар қабылдану;

құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі үшін шикізат кен орындарын игеру және өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттар әзірлемелерін ғылыми-техникалық қамтамасыз етуге кепілдік беру;

салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі мемлекеттік стандарттарды әзірлеу мен жұмыстарды жүргізу үшін құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары саласында Стандарттау жөніндегі техникалық комитет құру;

қазіргі құрылыс материалдарын пайдалануды ынталандыратын стандарттарды іріктеу, бұл құрылыс жұмысының сапасын арттыруға, жөндеу жөнінде кейінгі шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді және өндірістік желілерді жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жандандыру үшін сала кәсіпорындарын ынталандыруға, отандық стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз етуге алғышарт жасайды;

құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі жұмыстарды орындайтын субъектілердің қызметін лицензиялаудың жүйесін жетілдіру, лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесін қысқарту, техникалық аудит және мерзімсіз лицензиялар беру рәсімдерін алып тастау;

шикізаттың кен орындарының орналасуын және өндіріс шығындарын, көліктік шығыстарды төмендетуді, өнімділікті және өндірістің пайдалылығын



